

Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 25 мамырдағы № 3-1/273 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 мамырда № 7686 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 мамыр № 625 қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасының 7-тармағына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлуін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті 2012 жылға арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді уақтылы аударуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті:

1) өз құзыреті шегінде облыстар бойынша субсидиялаудың бекітілген көлемдеріне сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығының өнімділігі мен өнімінің сапасын арттыруды субсидиялауға арналған ағымдағы нысаналы трансферттермен облыстық бюджеттерге аударылған қаражатты пайдалану мониторингін жүргізісін;

2) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы жетекшілік ететін ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғаш ресми жариялаған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

Министрдің м.а.

Е. Аман

Б е к і т і л г е н

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.12.14 № 3-1/646 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Өңірлер және субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу

Облыстар	Шығыс баптары (мың теңге)							
	Сиыр еті	Шошқа еті	Қой еті	Жылқы еті	Биязы жүн	Сүт	Қымыз	Шұбат
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ақмола	72 000,0	23 100,0	1 505,0	7 357,0		333 691,0	3 891,0	605,0
Ақтөбе	176 088,0	215 600,0	4 000,0	12 607,0		147 500,0	3 420,0	
Алматы	376 520,0	344 790,0	47 618,0	27 054,0	87 036,0	512 241,0	13 036,0	43 691,0
Шығыс Қазақстан	437 281,0	103 600	30 110,0	46 954,0	2 676,0	730 100,0	43 100,0	
Жамбыл	136 433,0	104 566,0	30 000,0	19 600,0	33 491,0	53 500,0	5 814,0	3 300,0
Батыс Қазақстан	249 280,0	29 400,0	9 200,0	52 072,0	1 260,0	41 675,0	6 300,0	
Қарағанды	45 600,0	366 255,0	89 420,0	169 240,0		82 080,0	63 331,0	
Қостанай	246 427,0	24 231,0	500,0	4 692,0		601 000,0	480,0	
Қызылорда	38 944,0		4 600,0	9 200,0		99 401,0	1 061,0	6 533,0
Маңғыстау			1 187,0					25 075,0
Павлодар	231 168,0	69 904,0	23 000,0	70 623,0		373 000,0	15 580,0	
Солтүстік Қазақстан	142 080,0	128 000,0		499,0		495 480,0	239,0	
Оңтүстік Қазақстан	133 701,0	17 928,0	9 033,0	2 125,0	8 498,0	56 110,0	1 608,0	2 051,0
Барлығы:	2 285 522,0	1 427 374,0	250 173,0	422 023,0	132 961,0	3 525 778,0	157 860,0	81 255,0